

ӘДЕБИЕТ ТЕОРИЯСЫ: АНТОЛОГИЯ, I

Герман Рапапорт
«Поэзия оқудың құралдары»





Мақсаты: әдеби амал-тәсілдерді әдеби жанрдың өзгешелігі ретінде сипаттау, дискурсивті айшықтау құралдарын Фонтанье шығармалары негізінде талдап көрсету.

Кілт тіркестер: әдеби амалдар, дискурсивті айшықтау құралдары, элизия, ұқсастық және салғастыру.

Негізгі идеялары:

- Троптар мен салыстырулар.
- Сандар және силепсис Милтон шығармалары негізінде.
- Фонтанье еңбектеріндегі айшықтау мен оның түрлері.
- Элизия мен ұқсастық поэзияның құралдары ретінде.

Бүгін біз сіздерді Уэйк Форест университетінің ағылшын тілі профессоры Герман Рапапортпен таныстырамыз. Ғалымның зерттеу нысаны – заманауи сын теориясы мен өнер мәселелері. Оның қаламынан туған кітаптар қатарында 2011 дайындалған «Әдебиет теориясының инструментарийі», «Деррида» сияқты жұмыстарды атауға болады. Қазіргі уақытта зерттеуші Жак Дерриданың 1980 жылдардағы дәрістерін зерттеумен айналысып жүр, болашақта кітап дайындамақ ойда.

Оның «Поэзияны оқуға арналған құралдар» атты еңбегі әдеби анықтамалар кешенін құрады. Әр поэтикалық құрал әдеби-көркем ақпаратты айқындай отырып, поэзияның өзгеше амалы ретінде қарастырылады. Кіріспе бөлімінде зерттеуші троптардың табиғатын талдайды. Дәстүрлі түрде троптар бейнелеудің құралы деп есептелетін. Олар тарылту немесе кеңейту амалдарын қолдану арқылы қарапайым сөз оралымдарын ауыстыру қабілетіне ие болады. Милтонның бірінші «Жоғалған жұмақ» атты кітабында көпшілікке танымал эпикалық салыстыру беріледі. Оның мағынасы күнәһар періштелердің Италиядағы Флоренцияның оңтүстік бөлігінде орналасқан Валломброс ағынына түскен жапырақтармен салыстыру арқылы жеткізілген. Рапапорт бұл салыстырудың күшін әдемі тігілген өрнекпен бағалады. Идеяның жалғасы ретінде автор былай деп баяндайды: «Әрине, Милтонның көлемді ақпаратты тарылту мақсатында, шайтаннан, пролепсистен Тоскан шіркеуінің қасындағы күнделікті бейнеге назар аударуы байқалады. Психологиялық тұрғыдан мұндай эпикалық салыстырудың мақсаты қауіпті көріністі табиғи көрініспен ауыстыруға саяды. Бұл жағдайда өзендер бір қабат күзгі жапырақтармен жабылып сипатталады. Осы сияқты аналогияны Гомер мен Вергилиядан, Дантеден кездестіруге болады. Олар да жерге түскен жапырақтар этюдін пайдаланған. Мұндай қолданыс әдеби құралға дәстүрлі мағына береді. Нәтижесінде бір салыстыру келесі бір қосарлы салыстыруды туындатып, терең тұжырымдардың мағынасын түсінуге мүмкіндік береді. Дәл осылай Қызыл теңіздегі еврейлерді аңдыған мысырлықтар келесі ұғымдар тізбегімен ұсынылған: жын пері – өлі жапырақтар – сынған екі дөңгелекті күйме арба. Суда жүретін Орионға сілтеме жасай отырып, Милтон аз болса да грек мифологиясына жүгінген».

Автор бұл салыстыруды әдемі әшекейлеу деп түсінді, сондықтан Рапапорт: «Ол бізді алысқа жетелей отырып, бір-бірімен жанаспайтын элементтерді біріктірді, мысалы: шіркеу қасындағы түсіп жатқан жапырақтар көрінісі, Орион туралы меңзеу, шайтанның отты көліндегі перғауындар мен жын-перілердің сәтсіздікке ұшырауы... Бұл айшықтау құралдарын талдау барысында негізгі назар құралдардың тарылту, салыстыру, кету және қайту әрекеттерін тоғыстырар табиғатына аударылады», – деп жазды.

Келесі кезекте еңбекте әдеби амал-тәсілдер мен құралдарды анықтайтын авторлық талдау ұсынылған. Аталмыш кешен сандық, дискурсивтік айшықтаулардан жинақталған. Милтонда айшықтау амалдары мәтінді көркейтуге бағытталған. Олар сілтемелер тізбегін күшейтуге жұмыс істейді. Милтон салыстыруларының нық екенін байқамау мүмкін емес. Олар әрдайым бірге жүре бермейтін шағын және тығыз орналасқан үлкен не кіші үзінділерден тұрады. Жапырақтар мен екі дөңгелекті күйме арба – біз салыстыру нысаны ретінде таңдайтын заттар емес. Дегенмен Милтон балау амалдарын сөздердің ырғақты өрнегіне бағындыру арқылы бұл ұғымдардың салыстырылуын қамтамасыз етіп отыр. Басқаша айтқанда, желілер мағыналық кеңістіктің таралуын қамтамасыз етер ритмикалық толқындарды қалыптастырады. Милтон



айшықтарды да ұтымды пайдаланды. Олар «силепсис» деген атпен танымал. Силепсис дегеніміз – грек тілінен аударғанда жалпылау, қамту деген мағынаны білдіретін ұғым. Бұл антикалық стилистиканың термині бір баяндауышты бірнеше бастауышпен байланыстар қабілетке ие. Мәтінге сүйенер болсақ, силепсисінің арқасында бір тілдік оралым бірнеше мағына үстеуі мүмкін немесе екі нысанды таңдай отырып, тек біреуіне ғана сілтеме жасауы ықтимал.

Бұл ретте әдеби айшықтаудың табиғатын да түсіндіріп кеткен дұрыс. Аталмыш термин 1830 жылдары француз ғалымы Пьера Фонтаньенің көмегімен қалыптасты. Ол: «айшықтау дискурсы – бұл көзге түсетін ерекшеліктер, пішіндер немесе бұрылыстар. Олар жақсы әсер қалдырады. Сол арқылы дискурс идеялар мен ойларда, сезімдерде көрініс табады», – деп атап көрсетті.

Алдында француз академиясы көне дәстүрге сүйенді. Ол көне ұстанымдардан бастау ала қалыптасып, грамматика мен риториканың ара жігін бөліп қарастырды. Бұл ретте грамматика жеке идеялардың реттелуі деп есептелсе, риторика дискурста қолданылатын ой мен түйіндердің көрсеткіші деп танылды. Сөздердің грамматикалық осьте орналасуы «дискурсқа күш пен қолдау береді», ал риторикалық осьпен жылжуы «дискурста ойдың жаңа арнасын өзектеп, әдемілік арқылы сипаталатын өрнектердің тууына әсер етеді» деп есептелінді. Айтылған ақпараттың барлығы алдында келтірілген жапырақтармен салыстыру үлгісін тереңнен түсінуге мүмкіндік береді. Шын мәнінде, бұл салыстыруда грамматика да бар, риторика да қосылған деп ұғынылады. Бұл жағдайда екеуіне де сезім арқылы жан бітеді. Фонтанье оны «құмарлық» деп атайды немесе біздің жағдайымызда ол ритмикалық күш деп түсіндіріледі. Басты мәселе олардың қарапайым және жалпы сөзден алшақтауында жатады. Герман Рапапорттың ойынша, айшықтаулар адамға әрі ләззат сыйлайды, әрі әшекейледі, әрі логикалық түйіндер жасауға көмектеседі, әрі ойландырады, әрі өзгеше сезімге бөлейді.

Фонтанье өзінің «Айшықтау дискурстарында» көп мәселені қамтуға тырысады. Мысалы: бөлу, қосу, аллегория, аллитерация, анаколүф, литота, металепис, метафора, парадокс, параномазия (паронимдер), қайталаулар, силепсис, синекдоха, топография және т.б. Дегенмен мақала авторының айтуы бойынша, Фонтаньенің талдауынан трансформация үдерісімен байланысқан айшықтау амалдары сырт қалып қойған. Бұл жерде бір заттың екінші затпен ауысуын немесе біреуінің сыртқы ерекшелігінің екіншімен орын ауыстыру арқылы өзгергенін ескеру аса маңызды болып табылады. Метаморфоз шебері деп саналатын Овидийдің Милтонға ықпалын сипаттай отырып, Герман Рапапорт суретші қаламынан туған «Жоғалған жұмақ» атты шығарманың әр түрлі метаморфозалар жиынтығына айналғанын ескертті. Зерттеуші: «Шын мәнінде, эпос толығымен өзгерістерден тұрады. Бұл мағынада жын-перілердің жапырақтармен салыстырылуы да әдемі өрнектеле келе, шеттету ретінде қарастырылатынына қарамастан, ондай бейнелі болмас», – деп жазды. Автордың бұл тұжырымына «Айшықтау амалдары ақынның баяндауын өзгеше етіп, ерекше әсерлену сезімдерін шебер бейнелеуге көмектеседі» деген көзқарас ықпал етті.

Фонтаньені оқығаннан кейін, Гошен деген жерді мекеннің тозақ екенін, жолаушының істегенін жын-перілердің істей алмайтынын, ал Адам ата мен Хауа ана ісінің нәтижесін эпостың соңында айқын аңғаруға болады. Оның астарында жолаушылар жайлы жер табу мақсатында, өз тозағын Мысырда қалдырса, жын-перілер өз тозағынан ешқашан шыға алмас, Адамзаттың бастауында тұрған Адам ата мен Хауа ана Иденді тастап, өзге жерге ауысады деген мәселелер меңзелді. Бұл кері үдеріс хиазм деген терминмен танымал. Хиазм дегеніміз – риторикалық айшықтау құралы. Ол қосарлы екі ұғымның бір-бірімен тоғыса байланысқан реттілігінен туындайтын өзгеріске алып келеді. Оның символизммен байланысы да байқалады.

Неге Мильтонның «Қайта оралған жұмақ» атты эпосы ондай танымал емес деген сұрақтың жауабы да осы бейнелеулердің аздығымен, жеткіліксіз қолданысымен деген қағидада жатыр. Кейінгі эпоста Милтонның Адамзат ата-анасын сипаттаған қызық детальдары жоқтың қасы деген ой айтылды. Мүмкін Милтон алғашқы өлеңдерін христианға дейінгі, көне эпикалық құрылымдарға сай дайындалған шығарма деп бағалаған болар деген болжам да жасалды. «Қайта оралған жұмақ» кальвинистік эстетика үлгісінде классикалық өрнек пен фантазиядан ажыраған сипатта дайындалды.

Эссенің мазмұнына сәйкес, әрі қарай кейбір поэзия құралдарының тарихына саяхат жасалады. Олардың қатарында элизия, ұқсастық және салыстыру өзгеше амалдар деп танылады.



Сонымен, элизияға құрылған поэзия көп жағдайда қысқа және нұсқа сипатта дамиды. Кейде мұндай «арырақ тұр» дегендей сөздік ойынға негізделген баяндау формасы оқырманнан толық қолдау таппай жатады. Ақын ойын аяқтамайтындай әсер қалдырады. Мысал ретінде Рапапорт Эмили Дикинсонның өлең-жұмбақтарын қарастырды. Дикинсон жинақтарында өлеңдер тақырыпсыз ұсынылатын, олардың орналасу реттілігі редактордың қабылдауына сәйкес анықталатын. Дегенмен мақала авторы кейде адамдардың ойдың бос кеңістігін өз қалауынша реттеуге қабілеті жетпей жатады деген ойды да назардан тыс қалдырмады. Бұл өлең оқу мәдениеті деп есептелді. Оның мәнін «оқу жеткіліксіз мазмұнды толтыру мәдениеті» деген ой саралады. Айталық, «Жоғалу жолдары» деген өлеңнің деректік нысаны ешқашан аталмайды. Тек болар-болмас, метафоралық не метонимиялық мағынасы бар сәйкестіктерге сілтеме жасалады. «Жоғалу жолы» – колибриді, тропик жақта болатын ала қауырсынды кішкентай құсты ату метафорасымен үндес. Рапапорттың айтуынша Дикинсон бұл құстар өзгелер сияқты өз жолын анықтай ма деген сұрақ қойып тұрғандай деп тұжырымдады. Құстың қанатын айналып тұрған дөңгелек сияқты қағуы метафорамен, ал бөлшектердің бүтіннің сипаттамасымен берілу метонимиялық үлгімен айқындалды. Құстардың ұшу жылдамдығын ескерген Дикинсон оларды «таңғы жеңіл сапар» деп сипаттады. Осы үлгіде суретші бір жәндікті де салыстыру нысаны етті. Бұл жәндіктің көзге түсер ерекшелігі – құсқа азық болар ашық қызыл түсті затты бөлуі. Жады – адамның өзі мен өзін қоршаған әлем туралы хабарларды есінде сақтауының, танымдық және ментальды көзқарастарға негізделген тәжірибе мен білімді жинақтауының әрі адамға жан-жақтан келіп түсетін мәліметтерді реттеп жүйелеуінің қабілеті. Адамның санасы мен ақыл-ойының функциялары осы көрген-білген, естіген-сезінген деректерді қолдану арқылы жүзеге асатындықтан, жады кейде әсерлер мен білімдерді қайта жаңғыртуға мүмкіндік берсе, кейде шешім қабылдауда ұзақ ойландыратын. Осылайша, оқырманға бейтаныс детальдардың бірі деп Дикинсонның өлеңдерінің бірнеше нұсқада дайындалуын айтуға болады. Автор шешім қабылдауда ұзақ толқитын. Мәселен, «Жоғалу жолдарында» түрлі контекстік нұсқадағы тіркестер болды: бірі дөңгелек сияқты айналмалы, бірі – толқымалы дөңгелек, келесісі – ғайып болар дөңгелек, одан кейінгісі – демонстрация немесе жаңару сияқты нұсқаларды қамтыды. Соңғы екеуінде «дөңгелек» деген сөз түсірілте берілді. Автордың айтуына қарағанда, бұл Дикинсонның мазмұн бірлігін поэтикалық мүмкіндіктер шегінде құбылту амалы еді (дұрыс). Ақын бейнелі тіркестерді нақты тіркестермен салыстырғандай әсер қалдырды. Аталмыш құрал элизия деп те аталды. Тіл білімінде элизия деп сөз ішінде немесе оралымда айтуды жеңілдету мақсатымен дауысты не дауыссыз дыбыстардың немесе буындардың түсіп қалуы қарастырылды. Кейде дыбыстар әуенділікті сақтау үшін де түсірілетін.

Фонтанье атап өткендей, поэзия – айшықтау құралдарының, сол сияқты дыбыстар мен мазмұнның маңызын түсіндіретін ұқсастықтардың құрастырылуы. Осыған орай, мақаланың келесі бөлімі ұқсастыққа негізделген салғастыру, аналогия, аллегория, эмуляция, имитация (мимесис) терминдерін айқындады. Айшықтау құралдары тұжырымдау мен танудың үлгісі деп танылды. Олар жаңа ұғымдарды жасай отырып, жаңа білімнің қалыптасуына тікелей әсер ететін маңызды факторлар тұрғысынан өзектелді. Ол туралы нақтырақ жазған Мишель Фуко болды. Оның «Әлем прозасында» он жетінші ғасырдың аяғында адамдар аналогияға негізделген Қайта өрлеу әдістерінен «эпистемиялық немесе тұжырымдамалық ажырауды» байқай бастады деп жазылды. Барлығы иерархиялық реттілікте, статистикалық деректерге сүйене отырып, эмпирикалық өлшеммен, сандық бағалаумен берілетін әлемде өзгерістер орын алды. Кезінде Қайта өрлеу дәуірінде моральдық-метафизикалық мағыналарымен қоса, заттардың сапалы қатынастарында баса мән берілген еді. Ал Ақыл дәуірінде сандық қатынастар мен статистикалық әрі эмпирикалық мазмұнға қызығушылық байқалды. Фуко шеше алмаған сұрақтардың бірі – өнердің осы өзгерісті іске асыру мүмкіндігі деп тұжырымдады Рапапорт. Оның кейбір амалдары Поль де Маннның, Т.С. Элиоттың, Уоллес Стивенстің, Сильвия Платтың және Джон Эшберидің еңбектерінде кездеседі деп тұжырымдалды. Әдеби құралдар әлем туралы тұжырымдауға көмектесе отырып, әр түрлі құбылыстар мен заттар арасындағы ұқсастықтарды дәйектеуге, соның негізінде жиналған білім мен тәжірибені бір саладан екінші салаға ауыстыра қолдана білуге мүмкіндік береді, сондықтан оның табиғатын ғалымдар когнитивтік санадағы логикалық операциялардың динамикалық көрінісі, ой тудыру моделі деп анықтады. Айшықтау құралдары адамның бойындағы образды ойлауға, оның шығармашылық



қабілетіне тікелей қатысты болғандықтан, адам бейтаныс әлемді қабылдап қана қоймайды, сонымен қатар нақты және абстрактылы объектілер арасындағы ортақ белгілерді есепке ала отырып, әр алуан сезім мүшелері арқылы заттарды танып айқындау мүмкіндігіне ие болады. Демек, көркем ойлау кездейсоқ жүзеге асатын үдеріс емес, ол белгілі бір объективті және субъективті заңдылықтар мен факторларға бағынған өзгешелік болып табылады.

Салғастыру амалына келетін болсақ, бұл жерде басымдық лингвистикалық ассоциацияларға немесе баламаларға берілді. Өзара жақын сөздердің, тіркестердің, оралымдардың бірігуі үдерісі жүзеге асырылды. Айталық, Шекспирдің 152-сонетіндегі ант беру мен қайтаруды салыстырғанда, тілдік матрицаның құрылымын байқауға болады. Ол өлеңнің сөздік импульсі іспеттес болды. Модернизм дәуірі ақындарының арқасында викториандық поэзияның риторикалық стилінен бас тарта отырып, жинақы үлгіге ие болған поэзияда фрагментті негіздемелер мен бейнелерге басымдық берілді. Рапапорт Эзра Паундтің «Метро станциясында» атты көпшілікке танымал өлең жолдарын сол бейнелеудің үлгісі бола алады деп есептеді. Аталмыш өлеңде топ ішіндегі адамдардың бет-жүздері суға малынған бұтақтың үстіндегі жапырақтармен салыстырылады. Паунд оларды метафора деп атамайды, дегенмен де, баламалы ұғымдардың іске қосылуы байқалады.

«Образдылық көбінесе сөзді өзінің тура мағынасынан көшіріп, ауыс мәнде жұмсауда жақсы танылады. Бұл – метафора, перифраз, аллегория, символ тәрізді амалдармен жүзеге асады...», – деп қазақ көркем сөзін зерттеуші Р. Сыздық атап көрсеткендей, поэзия тілінің өзі танымдық әрекеттің негізінде бұрыннан таныс сөз мағынасының ауысуы арқылы жүзеге асады, сол арқылы әр түрлі концептуалды салалардан жинақталған жаңа ментальды кеңістіктің қалыптасуына әсер етеді. Шығармашылық әлемнің күрделі табиғаты әр ұғымның өзіндік ерекшелігін үлкен жүйенің бір бөлшегі ретінде зерделеуге мүмкіндік берумен қатар, олардың адам мен қоршаған ортаны жан-жақты қабылдаудағы қызметі мен орнын түсініп пайымдауға септігін тигізеді. Образды ойлау арқылы қалыптасатын кеңістік, уақыт, заман туралы қағидалар негізінде, бір жағынан, болмыс шындығы дәйектелсе, екінші жағынан, жеке тұлғалардың өз бағыт-бағдарлары, қалаулары сұрыпталады. Адамзат санасының қызметі қоршаған әлемнің жалпы заңдылықтары, өзара байланыстары туралы мәліметтерді, білім негіздерін жүйелеуге бағытталады. Нәтижесінде кез келген адам көркем туындының көмегімен алдына мақсат қоя білуге, жоспарлы әрекет етуге, табиғи және әлеуметтік орталарда өзін-өзі ұстауға дағдыланады.

Бақылау сұрақтары

1. Троптар мен салыстыру амалдарына әдебиет теориясында қандай рөл берілген?
2. Милтон шығармалары негізінде сандар мен силеппіті қалай сипаттауға болады?
3. Фонтанье еңбектеріне сүйене отырып, айшықтау құралдарының табиғаты мен түрлерін анықтаңыз.
4. Элизия мен ұқсастық поэзия құралдары ретінде қалай жұмыс істейді?

Қолданылған дереккөздер

1. Джули Ривкин мен Майкл Райан. Әдебиет теориясы: Антология. 3-басылым. 75–98 беттер.